

Құнар шатқалының «жолбарысы»



2-БЕТ

Этноәдени бірлестіктер ел бірлігіне еңбек етеді



3-БЕТ

Өмірге ғашық ғалам



8-БЕТ



• ТҰЛҒА

БИІК ПАРАСАТ ИЕСІ

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Қайрат Мәми 70 жаста



«Тау алыстаған сайын биіктей түседі» дейді дана халқымыз. Бұл сөз өзін ұзақ жылдар қарамағында қызмет істеп, басшылықтағы әділ талабын да, ағалық риясыз қамқорлығын да қатар көрген көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, еліміздің заң саласының негізін қалаған заңгер тұлғалы заңгерлердің бірегейі Қайрат Әбдіразақұлы Мәми ағамызға қарап айтылғандай. Өйткені, ол кісі бүгінде зейнет демалысында жүрсе де, қоғамда, халық арасында бұрынғыдан да тұлғасы биіктеп, арта түскендей.

Сот жүйесіндегі қызметімізді жаңа бастаған кезімізден Қайрат Әбдіразақұлын өзімізге үлгі-өнеге тұтып өстік. Біз үшін ол кісі – өз кәсібінің нағыз майталман маманы, аты мен абыройы ерен тұлғадай әсер беретін. Өмір бойы талмай ізденіп, заң ғылымдарының докторы, профессор атанған ғалымдығы, заңгерлігі біз үшін ұланғайыр ұлағат болып көрінетін.

Ұлы дала демократиясы саналатын билер сотын ерекше ынта-ықыласпен егжей-тегжейлі зерттеген, атақты Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің қара қылды қақ жарған әділдігін санаға сіндіріп, оны бүгінгі сот жүйесіндегі әділдік жолында бұлжытпай ұстанған ізбасары деп білетінбіз. Даналар салып кеткен дәстүрлі құқықты қазіргі заманға сай жаңаша жалғастырган осындай айтулы тұлғаға біз ұлы Абай айтқандай, «болмасак та, ұқсап бағуға» тырысып келеміз.

(Соңы 2-бетте)

(Соңы 4-5 беттерде)

# ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№34 (3663) 7 мамыр 2024



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ЕШКІМ ДЕ, ЕШТЕҢЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ



Міне, еліміз Жеңістің 79-жылын атап өткелі отыр. Кейінгі ұрпаққа бейбіт күннің бақытын сыйлаған батырлардың саны бүгінде өте аз. Бүгінгі таңда Қазақстанда Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан 174 ардагер тұрады. Сын сағатта соғыс алаңынан табылып, ерліктің үлгісін көрсеткен осы жаңдардың қай-қайсысы болсын биік құрметке лайық. Жылдағы дәстүрмен мемлекет тарапынан Отан соғысы ардагерлеріне берілетін қаржы, жасалатын қошеметтен биыл да кем болмайды. Еліміздің әр өңірінде мерекелік шаралар ұйымдастырылып, мәңгілік алауға гүл шоқтары қойылады.

(Соңы 2-бетте)

(Соңы 4-5 беттерде)

• КҮРМЕТ

## ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Қазақ халқында «Атадан жақсы ұл туса, елінің қамын жейді» деген даналық сөз бар. Дәл осы сөз бірінші «Халық Қаһарманы» атағының иегері, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, Қарулы күштердің құрылуы мен қалыптасуында аса маңызды рөл атқарған алғашқы армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың (25 мамыр 1924 – 24 қыркүйек 2013) болмысын баяндайтындай.

Жастайынан жетім қалған ол ерте есейіп, алғыр әрі өжет болып өседі. 1942 жылы шілде айында 18 жасында Кеңес әскерінің қатарына алынып, взводты сауатты басқара білуімен көзге түседі. Отан үшін от кешіп, Жеңіс тұғырынан көрінеді. Екінші дүниежүзілік соғыста талай азаматтан айырғанымыз тарихи шындық, алайда сол шайқаста ержүректілігімен тәңгі еткен арда азаматтарымыз аз емес. Сағадат Нұрмағамбетов те ерліктің үлгісін көрсете алған батырларымыздың бірі.

Ол Кушка қаласындағы Түркістан пулемет училищесін бітіріп, 1943 жылдың сәуірінен 1945 жылдың мамырына дейін 5-соққы беруші армияның Берлин атқыштар дивизиясы ІІ дәрежелі 301-Донецк Суворов ордені 1052- атқыштар полкінің құрамында пулемет взводының, ротаның,

атқыштар батальонының командирі ретінде майданда соғысқан. Краснодар өлкесін, Украинаны, Молдованы, Беларусь пен Польшаны азат етуге қатысты.

Сағадат Нұрмағамбетовтың батальоны Гитлердің Рейх канцеляриясының ғимаратына жасалған шабуылға да қатысқан. Жеңістен кейін батальонның жеке құрамы мемлекеттік маңызы бар нысандары күзету міндеттерін орындады. 1945 жылдың 27 ақпанында 21 жастағы Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес одағының батыры атағы беріледі, ал сәуір айында Қызыл Ту орденімен марапатталды.

Қазақстанның жаңа тарихында да Сағадат Нұрмағамбетовтың жауынгерлік білімі мен тәжірибесі елдің қорғанысына жауапты деп таңдалды. 1991



жылғы қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Сағадат Нұрмағамбетов Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы

болып тағайындалды. 1992 жылғы мамырда Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі болды. Аталмыш тарихи құжаттар ҚР Президентінің архивінде сақтаулы.

Архивте бұдан өзге С.К. Нұрмағамбетовтың қызметтік және кәсіби қызметі туралы құжаттары, жолдастарының жазған хаттары, басылымдарда жарияланған баяндамалары, естеліктері, ерекше фотосуреттері, ол жайлы жазылған мақалалар сақталған. Мәселен, Орталық Азия әскери округінің әскерлеріне әскери атақ беру туралы, С.Нұрмағамбетовтың Қазақстан Президентіне жазған республикадағы қорғаныс және әскери-саяси мәселелері бойынша ұсыныстар туралы хаты, Қазақстан Республикасының әскери құрылысының негізгі бағыттары бойынша анықтама-баяндамасы, Армия генералы әскери атағын беру туралы жарлықты да көруге болады. Тарихи тұлғаның құжаттары Президент архивіндегі С.Нұрмағамбетовтың жеке тектік қорында жинақталған. Архивтегі құжаттармен танысуға болады.

Биыл батырлық пен қайсарлықтың үлгісі саналған Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтің туғанына 100 жыл толып отыр. Ол соғыс жылдарында ерлік көрсеткен батыр, мемлекеттің негізгі қаланған сын шақта елдегі әскери саланы реттеген патриот ретінде ел есінде мәңгі сақталады.

Дайана ТОҚБЕРГЕНОВА, ҚР Президенті Архивінің қоғаммен байланыс маманы

